

Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі

04.03.22 № 8
4604

Қазіргі уақытта даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудағы өзекті мәселе - инклюзивті білім беру. Инклюзивті білім мүгедек балаға өзінің құқықтарын іске асыруға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру жүйесінің өзі инклюзивті қоғамның дамуының тиімді механизмі болып табылады. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыта отырып, біз инклюзивті қоғам, яғни, әрбір адам үшін қоғамды дамытуға жол ашамыз. Инклюзивті білім мүмкіндігі шектеулі балаларға институт, мектеп және мектепке дейінгі өміріне толық көлемде қатысуына мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларды теңдікке, тең құқылыққа ынталандыру қорына ие.

Білім беру үрдісінде оқушылардың білім деңгейін көтеруде, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды инклюзивті білім беруде тиімді қолдана отырып, оқытудың әдістемелік мүмкіндіктерін ұйымдастыру тәсілдерін анықтау мақсатында Б.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының «Білім» тобының 3-курстарында 2021-2022 оқу жылында «Инклюзивті білім берудегі АКТ» пәні енгізіліп, оқытылып жатыр. Осы пәнді оқытылу барысында Арқалық қаласының психологиялық - педагогикалық түзеу кабинетімен және А.Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясындағы «Инклюзивті білім бе-

рудің ресурстық орталығымен» тығыз әдістемелік байланыста болды.

Инклюзивті білім беру жүйесін ұйымдастыру тәсілдерін анықтау, АКТ-ның инклюзивті білім берудегі тиімділігі мен нәтижелілігі, инклюзивті оқыту жүйесінде оқушылардың білім деңгейін көтеруде қолданылатын тиімді әдістер мен түзете-дамыту жолында 2021 жылдың 30-қараша күні Жаратылыстану және ақпараттандыру факультетіне қарасты «Информатика, ИАКТРТ» білім беру бағдарламасының ұйымдастыруымен «Инклюзивті білім беруде АКТ-ні қолдану тиімділігі» тақырыбындағы халықаралық әдістемелік семинар өтті.

Халықаралық семинарға Ресей ғылым академиясының Уфа Федералдық зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, ф.м.ғ.к. Валиев Н.Ф. қатысты. Мүмкіндігі шектеулі балалармен педагогтардың жұмыс істеу мақсатында Ресей Федерациясының білім министрлігі педагогикалық жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарына 1996ж. 1 қыркүйегінен бастап «Арнайы (коррекциялық) педагогиканың негіздері», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясының негіздері» деген курстарды енгізді. Ресей Федерациясының білім және ғылым министрлігінің айтуы бойынша 2008-2009 жылдары инклюзивті білім беру үлгісі экспериментальды түрде көптеген білім беру мекемелеріне енгізілген. Ресейде мүгедек балаларды оқытудың инклюзивті білім беруден басқа да нұсқалары бар: арнайы мектептер мен интернаттар, коррекциялық мектептер, «Интернат-үйлер», үйден оқыту, қашықтықтан оқыту бойынша ақпараттар берді.

Сонымен қатар Нұр-Сұлтан қ., №26 мектеп-гимназиясының бейімдік оқыту жөніндегі директордың орынбасары А. Алматова «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік бейім-

деуді педагогикалық қолдауды ұйымдастыру жолдары», Қостанай қ., №10 жалпы білім беретін орта мектебінің информатика пәні мұғалімі Н. Бейсенова, А. Ерманова «Инклюзивті білім беруде АКТ-ны қолдану тиімділігі», Жасбуын жалпы білім беретін орта мектебі КММ педагог-психологы Ж. Нұрғали, Ж. Шонғалова «Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеудің жолдары, тәсілдері», Арқалық қаласының психологиялық - педагогикалық түзеу кабинетінің әдіскер психологы Қ. Жеңіс «Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесі мен Қазақстандағы дамыту мәселелері», Б.Алтынсарин атындағы гимназияның Информатика пәні мұғалімі Г. Әлімгереева «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың инклюзивті білім берудегі тиімділігі мен нәтижелілігі», А. Құнанбаев атындағы мектеп-гимназиясы Информатика пәні мұғалімі Г. Мұқышева «Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығының мектеп өміріне әсері», №2 орта мектептің тарих пәні мұғалімі М. Байзақов «Использование ИКТ на уроках истории в обучении детей с нарушением зрения», Кейкі бағыр атындағы №4 орта мектептің информатика пәні мұғалімі Р. Әлмағанбетов «Преподавание информатики с обычными и инклюзивными детьми» тақырыптарында баяндама жасады.

Семинар барысында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қатысты білім беру процесіне қатысушылардың барлығында толеранттылықты тәрбиелеу, инклюзивті білім беруді енгізудің ғылыми негіздері, инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдерді жұмысқа дайындау, инклюзивті білім беруде АКТ-ны қолдану мүмкіндіктері және т.б. мәселелері қарастырылды.

Қамар ШОНҒАЛОВА, Б.Алтынсарин атындағы АрПИ жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің аға оқытушысы.